

«Химия» пәнінен
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
11-сынып
(жаратылыстану-математикалық бағыт)

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 11-сынып білім алушының «Химия» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар 11-сынып «Химия» пәні бойынша ұзақ мерзімді оқу бағдарламасы негізінде дайындалған 11-сыныпта жиынтық бағалау 1, 2, 3 және 4-тоқсандарда өткізіледі.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге Білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификация мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныс жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

МАЗМҰНЫ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
11.1А «Ароматты қосылыстар қатары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	4
11.1В «Карбонильді қосылыстар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	10
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	15
11.2 А «Аминдер және аминқышқылдар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	15
11.2 В «Тірі ағза химиясы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	21
11.2С «Синтетикалық полимерлер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	29
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	34
11.3А «Органикалық синтез» және 11.3В «14 топ элементтері» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау.....	34
11.3С «Азот және күкірт» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	40
11.3D «Қышқыл және негіз ерітінділері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	48
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	53
11.4А «Металдар өндірісі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	53
11.4В «Ауыспалы металдар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	60
11.4D «Жаңа заттарды және материалдарды өндіру және «Жасыл химия»» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау.....	65

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

11.1А «Ароматты қосылыстар қатары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	11.4.2.12 Бензол молекуласының құрылымын түсіндіру
	11.4.2.13 Бензол және оның гомологтарын алу реакцияларын құрастыру
	11.4.2.15 Бензол және оның гомологтарына тән қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастыру
	11.4.2.16 Бензолды нитрлеу және галогендеу реакциясының механизмін түсіндіру
	11.4.2.18 Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіру

Бағалау критерийлері

Білім алушы


- Бензол молекуласының құрылымын сипаттайды
- Бензол және оның гомологтарын алу реакцияларының теңдеулерін құрастырады
- Бензол және оның гомологтарына тән қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастырады
- Бензолды нитрлеу және галогендеу реакциясының механизмін сипаттайды
- Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіреді

Ойлау деңгейі дағдыларының Білу және түсіну
Қолдану

Орындалу уақыты 20 минут


Тапсырмалар

1. (a) Неміс химигі Кекуле бензол молекуласындағы алты көміртек атомы цикл жасап тұйықталады және көміртек атомдары өзара қос байланыс пен дара байланыс арқылы кезектесіп жалғасады деп, бензолдың құрылымдық молекуласын ұсынған. XX ғасырдың басында бензол молекуласында көміртек атомдары теңбүйірлі алтыбұрышта орналасатыны түсіндірілді.




- (i) Бензол молекуласының эмпирикалық формуласын *жазыңыз*.
- (ii) Бензол молекуласының құрылымын сипаттау үшін Кекуленің алтыбұрышты құрылымдық формуласына қарағанда электрондар делокализациясы көрсетілген формуланың анағұрлым нақты және дұрыс көрсетілгендігіне үш *дәлел келтіріңіз*.

2. Бензол және оның гомологтарын алу реакцияларының теңдеулерін аяқтаңыз:



3. Бензол мен оның гомологтарына тән қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастырыңыз. Реакциялардың жүруінің жағдайларын көрсетіп, түзілген өнімдерді атаңыз:





(ii) бензолдың толық гидрлену реакциясы:



(iii) толуолдың толық гидрлену реакциясы:

4. Барлық ароматты көмірсутектер орынбасу реакциясына жеңіл түседі, ал қосылу реакциясына қиын түседі.


(i) Нитрлеу реакциясының теңдеуін сатылы түрде аяқтап, реакцияның жүру механизмін түсіндіріңіз:



(ii) Галогендеу реакциясының теңдеуін аяқтаңыз, реакцияның механизмін түсіндіріңіз:



5. Бензол гомологтары $\text{C}_6\text{H}_5\text{-R}$ бензолмен салыстырғанда орынбасу реакциясына белсенді түседі. Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін төмендегі схема негізінде түсіндіріңіз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	
		Білім алушы	Балл
Бензол молекуласының құрылымын сипаттайды	1	бензол молекуласының эмпирикалық формуласын жазады;	1
		электрондар делокализациясы көрсетілген формуланың анағұрлым нақты және дұрыс көрсетілгендігіне үш дәлел келтіреді;	3
Бензол және оның гомологтарын алу реакцияларының теңдеулерін құрастырады	2	бензол және оның гомологтарын алу реакцияларының теңдеулерін жазады;	4
Бензол және оның гомологтарына тән қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастырады	3	бензол мен оның гомологтарына қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастырады;	1
		реакцияның жүру жағдайларын көрсетеді;	1
		реакция өнімдерін атайды;	1
Бензолды нитрлеу және галогендеу реакциясының механизмін сипаттайды	4	нитрлеу реакциясының теңдеуін сатылы түрде жазады;	2
		реакцияның жүру механизмін түсіндіреді;	1
		галогендеу реакциясының теңдеуін сатылы түрде жазады;	3
		реакцияның жүру механизмін түсіндіреді;	1
Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіреді	5	толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіреді.	2
	Барлығы		20

11.1 А «Ароматты қосылыстар қатары» бөлімі бойынша

жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Бензол молекуласының құрылымын сипаттайды	Бензол молекуласының эмпирикалық формуласын жазуда, электрондар делокализациясы көрсетілген формуланың анағұрлым нақты және дұрыс көрсетілгендігіне үш дәлел келтіруде қиналады <input type="checkbox"/>	Бензол молекуласының эмпирикалық формуласын жазуда / электрондар делокализациясы көрсетілген формуланың анағұрлым нақты және дұрыс көрсетілгендігіне 1 /2 /3 дәлел келтіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Бензол молекуласының эмпирикалық формуласын жазады, электрондар делокализациясы көрсетілген формуланың анағұрлым нақты және дұрыс көрсетілгендігіне үш дәлел келтіреді <input type="checkbox"/>
Бензол және оның гомологтарын алу реакцияларының теңдеулерін құрастырады	Алкилдеу реакциясының көмегімен жүретін реакцияның теңдеуін жазуда, тримерлеу реакциясының теңдеуін жазуда, циклді көмірсутектерден ароматты көмірсутектердің алыну реакциясын жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Алкилдеу реакциясының көмегімен жүретін реакцияның теңдеуін жазуда/ тримерлеу реакциясының теңдеуін жазуда/ циклді көмірсутектерден ароматты көмірсутектердің алыну реакциясын жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Алкилдеу реакциясының көмегімен жүретін реакцияның теңдеуін жазады, тримерлеу реакциясының теңдеуін жазады, циклді көмірсутектерден ароматты көмірсутектердің алыну реакциясын жазады <input type="checkbox"/>
Бензол және оның гомологтарына тән қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастырады	Бензол мен оның гомологтарына қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастыруда, реакцияның жүру жағдайларын көрсетуде, реакция өнімдерін атауда қиналады <input type="checkbox"/>	Бензол мен оның гомологтарына қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастыруда/ реакцияның жүру жағдайларын көрсетуде/ реакция өнімдерін атауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Бензол мен оның гомологтарына қосылу реакцияларының теңдеулерін құрастырады, реакцияның жүру жағдайларын көрсетеді, реакция өнімдерін атайды <input type="checkbox"/>

<p>Бензолды нитрлеу және галогендеу реакциясының механизмін сипаттайды</p>	<p>Нитрлеу реакциясының теңдеуін сатылы түрде жазуда, галогендеу реакциясының теңдеуін сатылы жүрде жазуда, реакциялардың жүру механизмін түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/></p>	<p>Нитрлеу реакциясының теңдеуін сатылы түрде жазуда/ галогендеу реакциясының теңдеуін сатылы жүрде жазуда/ реакциялардың жүру механизмін түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/></p>	<p>Нитрлеу реакциясының теңдеуін сатылы түрде жазады, галогендеу реакциясының теңдеуін сатылы жүрде жазады, реакциялардың жүру механизмін түсіндіреді <input type="checkbox"/></p>
<p>Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіреді</p>	<p>Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/></p>	<p>Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін (электрон тығыздығының ығысуын/ электрофильді реагенттердің бағытталуын) түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/></p>	<p>Толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесуін түсіндіреді <input type="checkbox"/></p>

11.1В «Карбонильді қосылыстар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	11.4.2.1	Альдегидтер және кетондардың, карбон қышқылдарының функциональды топтарының құрылысын білу
	11.4.2.2	Альдегидтер және кетондардың, карбон қышқылдарының құрылымдық формулаларын құрастыру және оларды Теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы бойынша атау
	11.4.2.3	Альдегидтер және кетондарды алудың түрлі әдістерін түсіндіру
	11.4.2.5	Альдегидтер және кетондардың тотығу және тотықсыздану өнімдерінің реакция теңдеулерін құрастыру
	11.4.2.8	Карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру

Бағалау критерийлері

Білім алушы

- Альдегидтер және кетондардың, карбон қышқылдарының функциональды топтарының құрылысын сипаттайды
- Альдегидтер және кетондардың, карбон қышқылдарының құрылымдық формулаларын құрастырып және оларды Теориялық, қолданбалы химияның халықаралық одағы бойынша атайды
- Альдегидтер және кетондарды алудың түрлі әдістерін сипаттайды
- Альдегидтер және кетондардың тотығу және тотықсыздану реакцияларының теңдеулерін құрастырады
- Карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады

Ойлау деңгейі дағдыларының Білу және түсіну
Қолдану

Орындалу уақыты 20 минут

Тапсырмалар

1. (a) Альдегид, кетон және карбон қышқылдары функциональды топтарының құрылысын көрсетіңіз.

(b) Карбонил тобындағы қос байланыс  пен этилен көмірсутектеріндегі қос байланыстың  ұқсастығы және айырмашылығы қандай?

2. (a) Альдегидтер, кетондар және карбон қышқылдарының формулаларын құрастырыңыз және оларды (ИЮПАК) жүйелеу номенклатурасы бойынша атаңыз.

Формуласы	Аталуы
	3- метилбутанқышқылы
$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}_2\text{CHO}$	
	3,3- диметилпентаналь
$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}_2-\overset{\text{O}}{\parallel}{\text{C}}-\text{CH}_2\text{CH}_2\text{CH}_3$	

3. (a) Альдегидтер мен кетондардың алынуы бойынша дұрыс тұжырым(дар)ды таңдаңыз:
- (i) Альдегидтерді көмірсутектерді, спирттерді тотықтырып алады
 - (ii) Альдегидтерді тотықтырып карбон қышқылын алады
 - (iii) Біріншілік спирттер тотыққанда кетон түзіледі
- A. тек i және ii
 B. тек i және iii
 C. тек ii және iii
 D. i, ii және iii

(b) Альдегидтерді алудың екі әдісіне реакция теңдеуін жазыңыз:

- 1)
- 2)


4. (a) (i) Берілген реакция теңдеуін кез-келген альдегидтің мысалында жазып аяқтаңыз, түзілген өнімді атаңыз:



(b) Кез – келген альдегид және кетонның мысалында тотықсыздану реакцияларының теңдеулерін аяқтаңыз, түзілген өнімді атаңыз:



5. Сызбанұсқаға сәйкес карбон қышқылының химиялық қасиетіне сәйкес реакция теңдеуін құрастырыңыз, түзілген өнімді атаңыз:



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Альдегидтер және кетондар, карбон қышқылдарының функционалды топтарының құрылысын сипаттайды	1	оттекті органикалық қосылыстардың функционалды топтарының құрылысын көрсетеді;	1
		карбониль тобындағы және алкен молекуласындағы қос байланыстың ерекшелігін ажыратады;	1
Альдегидтер және кетондардың, карбон қышқылдардың құрылымдық формулаларын құрастырып және оларды Теориялық, қолданбалы химияның халықаралық одағы бойынша атайды	2	альдегидтер, кетондар және карбон қышқылдарының формулаларын құрастырып және оларды ИЮПАК жүйелеу номенклатурасы бойынша атайды;	4
Альдегидтер және кетондарды алудың түрлі әдістерін сипаттайды	3	альдегидтер мен кетондардың алынуы бойынша дұрыс тұжырым(дар)ды таңдайды; альдегидтерді алудың екі әдісіне реакция теңдеуін жазады;	3
Альдегидтер және кетондардың тотығу және тотықсыздану реакцияларының теңдеулерін құрастырады	4	альдегидтердің тотығу, альдегидтер мен кетондардың тотықсыздану реакция теңдеулерін жазып, өнімдерді атайды;	3
Карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады	5	карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады.	4
	Барлығы		16

«Карбонильді қосылыстар» бөлімі бойынша

жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Альдегидтер және кетондардың, карбон қышқылдарының функционалды топтарының құрылысын сипаттайды	Оттекті органикалық қосылыстардың функционалды топтарының құрылысын көрсетуде, карбониль тобындағы және алкен молекуласындағы қос байланыстың ерекшелігін ажыратуда қиналады <input type="checkbox"/>	Оттекті органикалық қосылыстардың функционалды топтарының құрылысын көрсетуде/ карбониль тобындағы және алкен молекуласындағы қос байланыстың ерекшелігін ажыратуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Оттекті органикалық қосылыстардың функционалды топтарының құрылысын көрсетеді, карбониль тобындағы және алкен молекуласындағы қос байланыстың ерекшелігін ажыратады <input type="checkbox"/>
Альдегидтер және кетондардың, карбон қышқылдардың құрылымдық формулаларын құрастырып және оларды Теориялық, қолданбалы химияның халықаралық одағы бойынша атайды	Альдегидтер, кетондар және карбон қышқылдарының формулаларын құрастыруда және оларды ИЮПАК жүйелеу номенклатурасы бойынша атауда қиналады <input type="checkbox"/>	Альдегидтер, кетондар және карбон қышқылдарының формулаларын құрастыруда / оларды ИЮПАК жүйелеу номенклатурасы бойынша атауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Альдегидтер, кетондар және карбон қышқылдарының формулаларын құрастырады және оларды ИЮПАК жүйелеу номенклатурасы бойынша атайды <input type="checkbox"/>
Альдегидтер және кетондарды алудың түрлі әдістерін сипаттайды	Альдегидтер мен кетондардың алынуы бойынша дұрыс тұжырым(дар)ды таңдауда, альдегидтерді алудың екі әдісіне реакция теңдеуін жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Альдегидтер мен кетондардың алынуы бойынша дұрыс тұжырым(дар)ды таңдауда/ альдегидтерді алудың (бір/екі) әдісіне реакция теңдеуін жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Альдегидтер мен кетондардың алынуы бойынша дұрыс тұжырым(дар)ды таңдайды, альдегидтерді алудың екі әдісіне реакция теңдеуін жазады <input type="checkbox"/>

Альдегидтер және кетондардың тотығу және тотықсыздану реакцияларының теңдеулерін құрастырады	Альдегидтердің тотығу, альдегидтер мен кетондардың тотықсыздану реакция теңдеулерін жазып, өнімдерді атауда қиналады <input type="checkbox"/>	Альдегидтердің тотығу/альдегидтер мен кетондардың тотықсыздану реакция теңдеулерін жазуда/ өнімдерді атауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Альдегидтердің тотығу, альдегидтер мен кетондардың тотықсыздану реакция теңдеулерін жазып, өнімдерді атайды <input type="checkbox"/>
Карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады	Карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын (1/2/3/4) реакция теңдеулерін құрастыруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
11.2 А «Аминдер және аминқышқылдар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	11.5.1.1	Аминдердің жіктелуін және номенклатурасын атау
	11.5.1.5	Нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы және галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу механизмін сипаттау
	11.5.1.10	Аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіру
	11.5.1.12	α -аминқышқылдардан ақуыздар алу кезінде пептидтік байланыстардың түзілуін түсіндіру
	11.5.1.13	Ақуыздар гидролизнің реакция теңдеуін құрастыру

Бағалау критерийлері

Білім алушы

- Аминдердің жіктелуін көрсетеді және номенклатурасын атайды
- Нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы және галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу механизмін көрсетеді
- Аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіреді
- α -аминқышқылдардан ақуыздар алу кезінде пептидтік байланыстардың түзілуін сипаттайды
- Ақуыздар гидролизінің реакция теңдеуін құрастырады

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну
Қолдану



Орындалу уақыты 20 минут

Тапсырма

1. Аминдердің жіктелуі мен номенклатурасы бойынша кестені толтырыңыз.

Құрылымдық формула	$\begin{array}{c} \text{CH}_3 \\ \\ \text{CH}_3 - \text{C} - \text{NH}_2 \\ \\ \text{CH}_3 \end{array}$	$\text{CH}_3 - \text{CH}_2 - \text{CH}_2 - \text{NH} - \text{CH}_2 - \text{CH}_3$	$\begin{array}{c} \text{CH}_3 - \text{N} - \text{CH}_2 - \text{CH}_3 \\ \\ \text{CH}_3 \end{array}$
Көмірсутек радикалдарының саны бойынша жіктелуі			
Аталуы			

2. (a) Галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу механизмі берілген:



- (i) Берілген заттар арасында жүретін реакция теңдеуін жазыңыз:
2-бром - 3-метилбутан + NH₃ (артық мөлшерде алынған) →
- (ii) Реакция нәтижесінде түзілген органикалық өнімді атаңыз:
- (iii) Осы реакциядағы нуклеофилді көрсетіңіз:
- (iv) Реакция жүру механизмін толық бейнелеңіз:

- (b) Нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы аминдерді алудың реакциясы берілген.




- (i) Жоғарыда берілген реакция сызбасын қолданып, пропиламин алудың реакция теңдеуін құрастырыңыз:
- (ii) Реакция нәтижесінде түзілген өнімді атаңыз:

3. Аминқышқылдарда молекулаішілік бейтараптану, яғни биполярлы немесе цвиттер-ион түзу қабілеті бар.

Цвиттер – ион (биполярлы ион) дегеніміз не?

Аланиннен түзілетін биполярлы ионның құрылымдық формуласын жазыңыз:



цвиттер ион

4. Аминқышқылдар бір-бірімен пептидтік байланыс арқылы байланысып, полипептид тізбегін түзеді.

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Аминдердің жіктелуін көрсетеді және номенклатурасын атайды	1	аминдердің жіктелуін көрсетеді;	1
		аминдерді атайды;	1
Нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы және галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу механизмін көрсетеді	2	галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу реакциясын жазады, реакция өнімін атайды механизмін көрсетеді;	4
		нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы аминдерді алудың реакция теңдеуін құрастырады;	2
Аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіреді	3	аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіреді, аланиннен түзілетін биполярлы ионның құрылымдық формуласын жазады;	2
α-аминқышқылдардан ақуыздар алу кезінде пептидтік байланыстардың түзілуін сипаттайды	4	полипептид тізбегінің құрылымын біледі;	4
		дипептидтің түзілу реакциясын жазады, өнімді атайды;	2
		Ala-Leu-Lys пептидінің құрылымын салады;	1
Ақуыздар гидролизінің реакция теңдеуін құрастырады	5	дипептидтің гидролиздену реакциясының теңдеуін құрады, түзілетін реакция өнімдерін атайды;	2
	Барлығы		19

**«Аминдер және амин-қышқылдары» бөлімі бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Аминдердің жіктелуін көрсетеді және номенклатурасын атайды	Аминдердің жіктелуін көрсетеді және номенклатурасы бойынша атауда қиналады <input type="checkbox"/>	Аминдердің жіктелуін көрсетуде / номенклатурасы бойынша атауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Аминдердің жіктелуін көрсетеді және номенклатурасын атайды <input type="checkbox"/>
Нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы және галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу механизмін көрсетеді	Галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу реакциясын жазуда, реакция өнімін атауда, механизмін көрсетуде, нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы аминдерді алудың реакция теңдеуін құрастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу реакциясын жазуда/ реакция өнімін атауда/ механизмін көрсетуде/ нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы аминдерді алудың реакция теңдеуін құрастыруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Галогеналкандардан нуклеофильді орынбасу реакциялары арқылы аминдердің түзілу реакциясын жазады, реакция өнімін атайды, механизмін көрсетеді, нитрилдерді тотықсыздандыру арқылы аминдерді алудың реакция теңдеуін құрастырады <input type="checkbox"/>
Аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіреді	Аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіруде, аланиннен түзілетін биполярлы ионның құрылымдық формуласын жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіруде/ аланиннен түзілетін биполярлы ионның құрылымдық формуласын жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Аминқышқылдардың биполярлы иондар түзу қабілетін түсіндіреді, аланиннен түзілетін биполярлы ионның құрылымдық формуласын жазады <input type="checkbox"/>
α-аминқышқылдардан ақуыздар алу кезінде пептидтік байланыстардың түзілуін сипаттайды	Полипептид тізбегінің құрылымын жазуда, дипептидтің түзілу реакциясын жазуда, өнімді атауда, Ala-Leu-Lys пептидінің құрылымын салуда қиналады <input type="checkbox"/>	Полипептид тізбегінің құрылымын жазуда/ дипептидтің түзілу реакциясын жазуда/ өнімді атауда/ Ala-Leu-Lys пептидінің құрылымын салуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Полипептид тізбегінің құрылымын жазады, дипептидтің түзілу реакциясын жазады, өнімді атайды, Ala-Leu-Lys пептидінің құрылымын салады <input type="checkbox"/>

<p>Ақуыздар гидролизінің реакция теңдеуін құрастырады</p>	<p>Дипептидтің гидролиздену реакциясының теңдеуін құруда, түзілетін реакция өнімдерін атауда қиналады <input type="checkbox"/></p>	<p>Дипептидтің гидролиздену реакциясының теңдеуін құруда/түзілетін реакция өнімдерін атауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/></p>	<p>Дипептидтің гидролиздену реакциясының теңдеуін құрады, түзілетін реакция өнімдерін атайды <input type="checkbox"/></p>
---	--	--	---

11.2 В «Тірі ағза химиясы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	11.5.1.14 Глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлозаның молекулаларының сызықты және циклді формасын құрастыру
	11.5.1.16 Глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастыру
	11.5.1.19 Крахмал және целлюлозаның құрылысын, қасиеттерін салыстыру
	11.5.1.21 Ақуыздың бірінші, екінші, үшінші реттік құрылымдарын ажырату
	11.5.1.27 «Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіру

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлоза молекулаларының сызықты және циклді формасын құрастырады
- Глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастырады
- Крахмал және целлюлоза құрылысын, қасиеттерін салыстырады
- Ақуыздың бірінші, екінші, үшінші реттік құрылымдарын ажыратады
- «Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну
Қолдану

Орындалу уақыты 20 минут

Тапсырма

1. (а) Моносахаридтердің құрылысын Фишердің сызықты (проекциялық) формуласы түрінде және циклді формада көрсетуге болады. Кестеде көмірсулардың таутомериясы берілген. Көп нүктенің орнына моносахаридтің аталуы мен молекула формасын жазыңыз.



(b) Төменде берілген кестеден көмірсудың формуласы мен көмірсу атаулары арасындағы сәйкестікті көрсетіңіз:

Көмірсудың атауы	Көмірсудың атауы және формуласы
А. Фруктоза	<p>1)</p>
В. Целлобиоза α -D-глюкопиранозил (1→4) α -D-глюкопираноза	
С. Мальтоза α -D-глюкопиранозил (1→4) α -D-глюкопираноза	

А _____, В _____, С _____,

2. Глюкозаның маңызды химиялық қасиеттерінің бірі — әр түрлі микроорганизмдер әсерінен ашуы. Ашу реакцияларының бірнеше түрлері бар.

(a) Глюкозадан ашытқы ферменті әсерінен спирттік ашу кезінде этанол түзіледі. Бұл процестің химизмі өте күрделі.

Глюкозаның спирттік ашу реакциясының теңдеуін құрыңыз:

(b) Сүт қышқылды ашу барысында глюкозадан сүт қышқылы түзіледі. Бұл процесс сүт қышқылды бактерия ферменттерінің әсерінен жүреді.

Глюкозаның сүт қышқылды ашу реакциясының теңдеуін құрыңыз:

(c) Май қышқылды ашу процесінің биохимиялық табиғатын алғаш рет 1861 жылы Луи Пастер зерттеген. Л. Пастер бұл процесті қоздыратын ауалы жерде тіршілік ете алмайтын ерекше микробтар екендігін ашты.

Глюкозаның май қышқылды ашу реакциясының теңдеуін құрыңыз:

3. Көмірсулар – табиғи органикалық қосылыстар класы. Полисахаридтер ішіндегі кең тарағандарының бірі – крахмал және целлюлоза.

(a) Целлюлоза мен крахмалдың ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасында көрсетіңіз:




(b) Төменде берілген сөйлемді тиісті сөздердің көмегімен толықтырыңыз.

Тиісті сөздер: қышқыл, глюкоза, табиғи полимер, йодпен, целлюлоза, моносахаридтер, крахмал.

Крахмал мен целлюлозаболып табылады.табиғатта кең таралған, ол көптеген өсімдіктердің қоректік затының қоры болып табылады. Крахмалдың өзіне тән қасиеті оныңәрекеттесуі. Целлюлозаға тән маңызды қасиеттердің бірі – оныңқатысында гидролизденіп,түзуі.суда ерімейтін ақ ұнтақ.суда, органикалық еріткіште ерімейтін, талшықты зат. Крахмал мен целлюлоза көптеген молекулаларынан тұрады. Ағашты ауасыз қыздырғандаыдырайды. Күнделікті тұрмыста жақсы жанатын зат.

4. Ақуыз – аминқышқылдарынан құралған, өте күрделі органикалық зат. Зерттеулер нәтижесінде ақуыз молекуласының құрылымдары анықталған.


(a) Сурет бойынша ақуыздың реттік құрылымдарын ажыратыңыз:



1..... 2.....
 3..... 4.....

- (b) Ақуыздың бірінші реттік құрылымын сипаттаңыз және бірінші реттік құрылымын сипаттайтын негізгі байланыс(тар)ды атаңыз.
- (c) Ақуыздың екінші реттік құрылымын сипаттаңыз және екінші реттік құрылымын сипаттайтын негізгі байланыс(тар)ды атаңыз.
- (d) Ақуыздың үшінші реттік құрылымын сипаттаңыз және үшінші реттік құрылымын сипаттайтын негізгі байланыс(тар)ды атаңыз.

5. (a) Фермент «Құлып-кілт» моделі бойынша жұмыс атқарады.



Жоғарыда берілген суреттен X, Y, Z және W белгісіздерді анықтаңыз:

	X	Y	Z	W
A	«Кілт» субстрат	– «Құлып» активті орталығы бар фермент	фермент-реакция өнімі комплекс	фермент-субстраттық комплекс
B	«Құлып» субстрат	– «Кілт» - активті орталығы бар фермент	фермент-реакция өнімі комплекс	фермент-субстраттық комплекс
C	«Кілт» субстрат	– «Құлып» активті орталығы бар фермент	фермент-субстраттық комплекс	фермент-реакция өнімі комплекс
D	«Құлып» субстрат	– «Кілт» - активті орталығы бар фермент	фермент-реакция өнімі комплекс	фермент-субстраттық комплекс

(b) Берілген тиісті сөздердің көмегімен сөйлемді толықтырыңыз:


Тиісті сөздер: ақуыздар, катализаторлар, активті (қарқынды), артады, жылдамдататын

Ферменттер дегеніміз жасуша ішінде химиялық реакцияларды биологиялық Ферменттер молекулаларында бір немесе бірнеше субстрат, заттары бекітін бөлімдері бар Сөйтіп белгілі ферменттің әсеріне жауап береді. Бұл бөлімді орталық деп те атайды.

(c) Суретте ферменттің жұмыс істеу принципін сызбанұсқасы берілген.

Суреттегі нөмірленген көпнүктенің орнына тиісті терминдерді жазыңыз.

Ферменттің жұмыс істеу принципі "кілт - құлып" моделі



(d) «Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіріңіз:

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлозаның молекулаларының сызықты және циклді формасын құрастырады	1	моносахаридті атайды; моносахаридтің молекула формасын жазады;	1
		көмірсудың формуласы мен көмірсу атауларын сәйкестендіреді;	1
Глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастырады	2	глюкозаның спирттік ашу реакциясының теңдеуін жазады;	1
		глюкозаның сүт қышқылды ашу реакциясының теңдеуін жазады;	1
		глюкозаның май қышқылды ашу реакциясының теңдеуін жазады;	1
Крахмал және целлюлозаның құрылысын, қасиеттерін салыстырады	3	крахмал мен целлюлозаның құрылысындағы ұқсастықтарды көрсетеді; крахмал мен целлюлозаның құрылысындағы айырмашылықтарды көрсетеді;	2
		крахмал мен целлюлозаның қасиеттеріне байланысты сөйлемді тиісті сөздердің көмегімен толықтырады;	2
Ақуыздың бірінші, екінші, үшінші реттік құрылымдарын ажыратады	4	реттік құрылымдарын ажыратады;	1
		ақуыздың бірінші реттік құрылымын сипаттайды және негізгі байланысты жазады;	1
		ақуыздың екінші реттік құрылымын сипаттайды, негізгі байланысты жазады;	1
		ақуыздың үшінші реттік құрылымын сипаттайды, негізгі байланысты жазады;	1
«Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіреді	5	суреттен X, Y, Z және W белгісіздерді «Құлып-кілт» принципі бойынша көрсетеді;	1
		сөйлемді тиісті сөздердің көмегімен толықтырады;	1
		«Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін түсіндіреді.	1
Барлығы			16

**«Тірі ағза химиясы» бөлімі бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлозаның молекулаларының сызықты және циклді формасын құрастырады	моносахаридтерді атауда, моносахаридтің молекула формасын жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	моносахаридтерді (глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза) атауда/моносахаридтің молекула формасын жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	моносахаридтерді атайды, моносахаридтің молекула формасын жазады <input type="checkbox"/>
Глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастырады	Глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Глюкозаның спирттік ашу / сүт қышқылды/май қышқылды ашу реакциясының теңдеуін жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Глюкозаның спирттік, сүт қышқылды, май қышқылды ашу реакцияларының теңдеулерін құрастырады <input type="checkbox"/>
Крахмал және целлюлозаның құрылысын, қасиеттерін салыстырады	Крахмал және целлюлозаның құрылысындағы, қасиеттеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Крахмал және целлюлозаның құрылысындағы/ қасиеттеріндегі ұқсастықтар/ айырмашылықтарды салыстыруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Крахмал және целлюлозаның құрылысындағы, қасиеттеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстырады <input type="checkbox"/>
Ақуыздың бірінші, екінші, үшінші реттік құрылымдарын ажыратады	Ақуыздың реттік құрылымдарын ажыратуда, ақуыздың реттік құрылымдарын сипаттап, негізгі байланыс(тар)ын жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Ақуыздың реттік құрылымдарын (1/2/3) ажыратады, ақуыздың реттік құрылымдарын (1/2/3) сипаттап, негізгі байланыс(тар)ын жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ақуыздың реттік құрылымдарын ажыратады, ақуыздың реттік құрылымдарын сипаттап, негізгі байланыс(тар)ын жазады <input type="checkbox"/>

<p>«Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіреді</p>	<p>«Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін түсіндіруде қиналады;</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>Суреттен X, Y, Z және W белгісіздерді «Құлып-кілт» принципі бойынша көрсетуде/ сөйлемді кілт сөздердің көмегімен толықтыруда қателіктер жібереді.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>	<p>«Құлып және кілт» моделі тұрғысынан ферменттердің әрекетін және ферментативті катализ процесін дұрыс түсіндіреді.</p> <p style="text-align: right;"><input type="checkbox"/></p>
---	--	---	---

11.2С «Синтетикалық полимерлер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	11.4.2.19 «Мономер», «құрылымдық» «буын», «олигомер», «полимер», «полимерлену дәрежесі» негізгі ұғымдарын білу 11.4.2.20 Полимерлену реакциясы теңдеулерін құрастыру Поликонденсация реакциясы теңдеулерін құру 11.4.2.21 Полиэтилен, полипропилен, полистирол, тефлон. 11.4.2.23 поливинилхлорид, полиметилметакрилат, полиэфир, фенолформальдегид шайыры және олардың негізінде алынған пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын атау Полимерлерді утилизациялау процесін сипаттау
--------------------	--

Бағалау критерийі	11.4.2.26 Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> • «Мономер», «құрылымдық» «буын», «олигомер», «полимер», «полимерлену дәрежесі» негізгі ұғымдарын сипаттайды • Полимерлену реакциясы теңдеулерін құрастырады • Поликонденсация реакциясы теңдеулерін құрады • Пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын көрсетеді • Полимерлерді утилизациялау процесін сипаттайды
--------------------------	--

Ойлау деңгейі	дағдыларының Білу және түсіну Қолдану
----------------------	---

Орындалу уақыты	20 минут
------------------------	----------

Тапсырмалар


1. (а) Ұғым атауы мен тұжырымдамасы арасындағы сәйкестікті көрсетіңіз:

Ұғымның атауы	Ұғымның тұжырымдамасы
В. Мономер	1) ондаған және жүздеген мың, кейде миллиондаған атомдардан тұратын үлкен молекулалар
С. Полимерлену дәрежесі	2) полимерлердің төменгі молекулалы гомологтары (молекулалық массасы 500- 5000 аралығы)
Д. Олигомер	3) молекулалары бір – бірімен немесе басқа қосылыстардың молекулаларымен полимер түзетін төменгі молекулалы қосылыстар
Е. Құрылымдық буын	4) полимерлену реакциясында мономерлердің қанша молекуласының өзара әрекеттесетінін көрсететін шама
Ф. Полимер	5) макромолекулалары қайталанып отыратын шама

А _____, В _____, С _____, Е _____, D _____


2. (a) Полимерлену реакциясына қанықпаған көмірсутектер оңай түседі, мысалы этилен.
- Этиленнің полимерлену реакциясының теңдеуін жазыңыз:
 - Өндірісте полиэтиленді алу үшін қажетті шарттар мен жағдайларды көрсетіңіз:
 - Полимердің түзілу реакциясының типін атаңыз:
 - Тұрмыста кеңінен қолданылатын полиэтилен полимердің қандай түріне жатады?

(b) Полистирол ең арзан қатты пластмасса болып табылады және формуласы:




- Полистирол алу үшін қолданылатын мономердің формуласын жазыңыз:
- Стиролдың полимерлену реакциясының теңдеуін жазыңыз:

3. (a) Өрмекші жібегі – ол табиғи полимер, өзінің салмағы үшін ерекше беріктігі бар. Кевлар – өрмекші жібегіне ұқсас қасиетте әзірленген жасанды полимер. Кевлар өте берік, тығыздығы аз материал болғандықтан, бронькеудшелер тігуге, сондай-ақ спорттық бұйымдардың бөлшектерін жасауға қолданылады.




Кевларда полимерлі жіптер бір-бірімен сызықтық берік байланыс түзеді. Кевлар құрамында талшығы парафенилдиамин мен терефталъ қышқылы болады.

- Бұл реакция полимерленудің қандай түріне жатады?
 - Кевлар полимерін жасау үшін қажет екі мономер молекуласын салыңыз.
- (c) Көрсетілген екі мономердің полимерленуінен пайда болған полимер - бұл терилен деген атаумен белгілі.



бензол-1, 4 дикарбонқышқылы



этандиол-1,2

- (d) (i) Екі мономер конденсация полимеризациясы арқылы реакцияға түседі. Бұл реакцияда тағы қандай молекула түзіледі
(ii) Териленнің қайталанатын бірлігінің құрылымын салыңыз.
(iii) Жоғарыдағы полимерді қолдану неліктен экологиялық тұрғыдан тиімді болып табылады?

4. Төменде кестеде полимерлердің қолданылу аймағын **көрсетіңіз**:

Полимер атауы	Полимердің формуласы	Қасиеттері	Қолданылу аймағы
полиэтилен		жұмсақ	қалта, бөтелке, қаптама
полипропилен			
полистирол			
тефлон			
поливинилхлорид			

5. Синтетикалық полимерлер, біздің тіршілігімізге үлкен өзгерістер енгізді, бірақ оларды қолдану бірқатар қиындықтарға душар етті. Полимер материалдарының қалдықтарын шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: өндіріс қалдықтары және тұтыну қалдықтары.

- (e) Қатты тұрмыстық қалдықтардың едәуір бөлігі полигондарда жойылады. Бұл жерде туындайтын проблемаларды **көрсетіңіз**.
(f) Полимер қалдықтарын кәдеге асыру мәселелерін қалай шешуге болады? Өз пікіріңізді **түсіндіріңіз**.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
«Мономер», «құрылымдық» «буын», «олигомер», «полимер», «полимерлену дәрежесі» негізгі ұғымдарын сипаттайды	1	ұғым атауы мен тұжырымдамасы арасындағы сәйкестікті көрсетеді;	1
		негізгі ұғымдардың мәнін ажыратады;	1
Полимерлену реакциясы теңдеулерін құрастырады	2	полимерлену реакциясы теңдеулерін жазады;	1
		полимерлену реакциясына түсетін бастапқы мономерді көрсетеді;	1
Поликонденсация реакциясы теңдеулерін құрады	3	поликонденсация реакциясы теңдеулерін құрады;	1
		поликонденсациялану реакциясының теңдеуін жазады;	1
Пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын көрсетеді	4	кесте бойынша полимерлердің қолданылу аймағын көрсетеді;	1
		кесте бойынша полимерлердің қасиеттерін сипаттайды;	1
		кестеден полимерлердің формуларын ажыратады;	1
Полимерлерді утилизациялау процесін сипаттайды.	5	тұрмыстық қалдықтардан туындайтын проблемаларды түсіндіреді;	1
		полимерлерді жою процесін сипаттайды.	1
	Барлығы		11

«Синтетикалық полимерлер» бөлімі бойынша

жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
«Мономер», «құрылымдық» «буын», «олигомер», «полимер», «полимерлену дәрежесі» негізгі ұғымдарын сипаттайды;	«Мономер», «құрылымдық» «буын», «олигомер», «полимер», «полимерлену дәрежесі» негізгі ұғымдарын сипаттауда қиналады <input type="checkbox"/>	Кестеден негізгі ұғым атауы мен ұғымның тұжырымдамасы арасындағы сәйкестікті көрсетуде/ негізгі ұғымдар мәнін ажыратуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	«Мономер», «құрылымдық» «буын», «олигомер», «полимер», «полимерлену дәрежесі» негізгі ұғымдарын сипаттайды <input type="checkbox"/>
Полимерлену реакциясы теңдеулерін құрастыра алады;	Полимерлену реакциясы теңдеулерін құрастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Полимерлену реакциясы теңдеулерін жазуда/ полимерлену реакциясына түсетін бастапқы мономерді көрсеткенде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Полимерлену реакциясы теңдеулерін құрастырады <input type="checkbox"/>
Поликонденсация реакциясы теңдеулерін құрады;	Поликонденсация реакциясы теңдеулерін құруда қиналады <input type="checkbox"/>	Поликонденсация реакциясы теңдеулерін құруда/ поликонденсациялану реакциясының теңдеуін жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Поликонденсация реакциясы теңдеулерін құрады <input type="checkbox"/>
Пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын көрсетеді	Пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын көрсетуде қиналады <input type="checkbox"/>	Кесте бойынша полимерлердің формуларын жазуда/ қолданылу аймағын көрсетуде/ қасиеттерін сипаттауда қателіктер жібереді; <input type="checkbox"/>	Пластмассалардың қасиеттерін, қолдану аймағын көрсетеді <input type="checkbox"/>
Полимерлерді утилизациялау процесін сипаттайды.	Полимерлерді утилизациялау процесін сипаттауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тұрмыстық қалдықтардан туындайтын проблемаларды түсіндіруде/ полимер қалдықтарын кәдеге асыру мәселелерін сипаттауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Полимерлерді утилизациялау процесін сипаттайды. <input type="checkbox"/>

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

11.3А «Органикалық синтез» және 11.3В «14 топ элементтері» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	11.4.2.42 Сапалық реакциялар көмегімен функционалды топтарды анықтау
	11.4.2.44 Физикалық және химиялық қасиеттері бойынша заттарды анықтауға арналған есептер шығару Органикалық заттардың генетикалық байланысы
	11.4.2.47 негізінде өзгерістер тізбегін құрастыру 14 (IV) элементтерінің және олардың қосылыстарының химиялық қасиеттерін
	11.2.1.2 сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру Параллель жүретін реакциялар теңдеулері бойынша есептер шығару
	11.2.2.1 14 (IV) топ элементтерінің сулы ерітіндідегі +2 және +4 тотығу дәрежелі қосылыстардың
	11.2.1.4 салыстырмалы тұрақтылығын болжау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Сапалық реакциялар көмегімен функционалды топтарды анықтау жолдарын болжайды
- Физикалық және химиялық қасиеттері бойынша заттарды анықтауға арналған есептерді шығарады
- Органикалық заттардың генетикалық байланысы негізінде өзгерістер тізбегін құрастырады
- 14 (IV) элементтерінің және олардың қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін жазады
- Параллель жүретін реакциялар теңдеулері бойынша сандық есептерді жүргізеді
- 14 (IV) топ элементтерінің сулы ерітіндідегі +2 және +4 тотығу дәрежелі қосылыстардың салыстырмалы тұрақтылығына болжам жасайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну
Қолдану

Орындалу уақыты 25 минут

Тапсырмалар

1. Берілген кестедегі бос ұяшықтарды толықтырыңыз:

Тест	Қажетті реагенттер	Анықталатын функционалды топ	Байқалатын өзгеріс
Бром суы	Br ₂ (ер)	C=C	қызыл -сарыдан → түссіз
Қышқылданған калий дихроматының ерітіндісі		1 ^у & 2 ^у спирт О-Н	
Толленс реакциясы		альдегид -CHO	

Феллинг ерітіндісі	Cu ²⁺ (ер)	альдегид -CHO	
Натрий гидрокарбонаты	NaHCO ₃ (к)	карбон -COOH қышқылы	
AgNO ₃ ерітіндісі	ыстық NaOH(ер) үстіне AgNO ₃ (ер)	Галогеналкандар	

2. Берілген есептерді шығару барысында физикалық және химиялық қасиеттері бойынша заттарды анықтаңыз:


(a) (i) Сутек бойынша салыстырмалы тығыздығы 21 тең, құрамы 85,7% көміртектен тұратын органикалық қосылыстың молекулалық формуласын **табыңыз**.

(ii) Пропан мен ацетиленнен тұратын қоспаны бром суы бар шыны түтік арқылы өткізгенде шыны түтіктің массасы 1,3г артты. Бастапқы қоспаның дәл осындай мөлшерін жаққан кезде 1,4л (қ.ж.) көміртегі (IV) оксиді бөлінді. Бастапқы қоспа құрамындағы пропанның массалық үлесін **анықтаңыз**.

3. (a) Берілген генетикалық айналымды жүзеге асыруға болатын реакция теңдеуін **жазыңыз**:

Дихлорэтан → этин → этаналь → этанол → көмірқышқыл газы → иіс газы → метанол

(b) Берілген генетикалық айналымды жүзеге асыруға болатын реакция теңдеуін **жазыңыз**:



4. (a) Элементтердің химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрыңыз.
- (i) Қорғасын (II) оксиді мен тұз қышқылы
 - (ii) Қорғасын (IV) оксиді мен тұз қышқылы
 - (iii) Қорғасын (II) оксиді мен натрий гидроксидінің ерітіндісі
 - (iv) Көміртек диоксиді мен су
- (b) (i) Кремний оксидінің тотықсыздану реакциясының теңдеуін электронды баланс әдісімен теңестіріп, тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты анықтаңыз.
5. Параллель жүретін реакциялар теңдеулері бойынша сандық есептеу жүргізіңіз. Массасы 0,3 г көміртекті толық жаққанда алынған көміртек (iv) оксидін массасы 200г, массалық үлесі 3,42 % барий гидроксиді ерітіндісі арқылы өткізді. Тұнбаның массасын анықтаңыз.

(a) Төменде берілген кестені **14 (IV)** топ элементтерінің +2 және +4 тотығу дәрежелі *оксидтерінің қасиеттері* үшін толтырыңыз:

+2 тотығу дәрежелі оксидтерінің формуласы	Қышқыл – негіздік қасиеті	+4 тотығу дәрежелі оксидтерінің формуласы	Қышқыл – негіздік қасиеті

- (b) Қорғасын мен қалайы оксидтері +2, +4 тотығу дәрежесін көрсетеді.
- (i) Қалайының анағұрлым тұрақты оксидінің формуласын жазыңыз:
 - (ii) Қорғасынның анағұрлым тұрақсыз оксидінің формуласын жазыңыз:

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор		Балл
		Білім алушы		
Сапалық реакциялар көмегімен функционалды топтарды анықтау жолдарын болжайды	1	кесте бойынша функционалды топтарды анықтауға қажетті реагенттерді көрсетеді;	1	
		кесте бойынша функционалды топтарды анықтау кезінде сапалық реакцияларда байқалатын өзгерістерді болжайды;	1	
Физикалық және химиялық қасиеттері бойынша заттарды анықтауға арналған есептерді шығарады	2	физикалық және химиялық қасиеттеріне байланысты сандық есептеу жүргізеді;	1	
		органикалық заттарды анықтауға байланысты сандық есептеу жүргізуде формуланы қолданады;	1	
Органикалық заттардың генетикалық байланысы негізінде өзгерістер тізбегін құрастырады	3	генетикалық айналымды жүзеге асыруға болатын реакция теңдеуіне қатысты реагенттерді көрсетеді;	1	
		генетикалық байланысты жүзеге асыруға қажетті реакция теңдеуін жазады;	1	
		генетикалық айналымды жүзеге асыруға болатын реакция теңдеуіндегі белгісіз заттарды анықтайды;	1	
		реакция теңдеуіне қажетті коэффициенттерді қойып теңестіреді.	1	
14 (IV) элементтерінің және олардың қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін жазады	4	элементтердің химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады;	1	
		тотықсыздану реакциясының теңдеуін электронды баланс әдісімен теңестіреді;	1	
Параллель жүретін реакциялар теңдеулері бойынша сандық есептерді жүргізеді	5	параллель жүретін реакциялар теңдеулері бойынша сандық есептерді шығарады;	1	
		сандық есептеуге қажетті формуланы дұрыс қолданады;	1	
14 (IV) топ элементтерінің сулы ерітіндідегі +2 және +4 тотығу дәрежелі қосылыстардың салыстырмалы тұрақтылығына болжам жасайды	6	кесте бойынша (IV) топ элементтерінің +2 және +4 тотығу дәрежелі оксидтерінің қасиеттерін сипаттайды;	1	
		Қалайы мен қорғасынның тұрақты және тұрақсыз оксидтерінің формуласын көрсетеді.	1	
	Барлығы		14	

11.3А «Органикалық синтез» және «14 топ элементтері» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
